



Байғанин ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2019 жылғы 14 мамырдағы № 234 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 мамырда № 6149 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген бұйрығына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген бұйрығына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Байғанин ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Байғанин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Байғанин аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Г. Елеуова

Байғанин аудандық
мәслихатының хатшысы

Б. Турлыбаев

Байғанин аудандық мәслихатының
2019 жылғы "11" қыркүйектегі № 251
шешіміне

1 қосымша

Байғанин аудандық мәслихатының
2019 жылғы "14" мамырдағы № 234
шешіміне

1 қосымша

Байғанин ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 11.09.2019 № 251 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есеп бірлігіне тиесілі жылдық норма м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,55
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,52
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,44
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,32
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,52
6	Емханалар	1 келіп кету	0
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,7
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,19
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,78
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,13
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,08
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,013
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,026
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,39
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0,7

16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	0,05
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м2	0,026
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м2	0,13
21	Жағажайлар	жалпы алаңы 1 м2	0
22	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,17
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,43
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,96
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,69
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м2	0,12
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м2	0,2
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	1,17
30	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,05
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0

Байғанин аудандық мәслихатының
2019 жылғы "11" қыркүйектегі № 251
шешіміне
2 қосымша

Байғанин аудандық мәслихатының
2019 жылғы "14" мамырдағы № 234
шешіміне
2 қосымша

Байғанин ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 11.09.2019 № 251 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Атауы	Тариф (ҚҚС қоспағанда) (теңге)			
	Жинау, әкету	Көму	Кәдеге жарату, қайта өңдеу	Барлығы

Жайлы емес үйлер (1 тұрғын)	65	0	0	65
Жайлы үйлер (1 тұрғын)	0	0	0	0
Жеке және заңды тұлғаларға (1м ³)	1233,61	998,14	0	2231,75
Жеке және заңды тұлғаларға (1 тонна)	0	1090,36	0	1090,36

Ескерту: ҚҚС – қосымша құн салығы;
м³ – текше метр.